

жасалған" бағдарламасы бойынша "ҚазАгроҚаржы" АҚ арқылы ұлттық қор қаражаты есебінен 20 млрд теңге мөлшерінде жүріп жатыр. Бұл ретте, "ҚДБ-Лизинг" АҚ Басқарма төрағасы Ринат Гаппаров нақтылағандай, ағымдағы жылдың соңына дейін дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде аграрийлер үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға өз қаражатымен қатысу 15% - дан нөлге дейін төмендеді.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің 65% - ын ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша негізгі оператор болып табылатын "ҚазАгроҚаржы" АҚ жүзеге асырады. Техниканы сатып алу бойынша тәсілдерді жеңілдету үшін "ҚазАгроҚаржы" АҚ жыл сайын өзінің құрылымдары мен бағдарламаларын жетілдіріп және жаңартып отырады.

2013 жылдан бастап техникалық әлеуетті жаңартуды ынталандыру шеңберінде ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін 7% - ға дейін төмендету бойынша бағдарлама іске асырыла бастады, мал шаруашылығы мен жем-шөп өндірісінде қолданылатын техника мен жабдықтар бойынша мөлшерлеме 10% - ға төмендеді. Аталған бағдарламамен қатар 2012 жылдан бастап "ҚазАгроҚаржы" шағын шаруа қожалықтарын қолдауға бағытталған жаңа "Урожай" лизингтік өнімі жұмыс істейді. Олардың жинау техникасын бастапқы жарнаны кейінге қалдыра отырып және кепілсіз жеңілдетілген схема бойынша лизингке сатып алу мүмкіндігі бар.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. [Электрондық ресурс ] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423>
2. Қазақстан Республикасының Ауыл Шаруашылық Министрлігінің 2020 жылғы мәліметіне сәйкес., [Электрондық ресурс] <https://inbusiness.kz/ru/news/temp-obnovleniya-selhoztehniki-rk-pochti-vdvoe-nizhe-minimalnogo-normativa>.

### РЕЗЮМЕ

Статья содержит обоснование необходимости материально-технической базы сельскохозяйственных предприятий и анализ состояния обеспеченности техникой сельскохозяйственных формирований в Казахстане. Приведена характеристика положительных и отрицательных тенденций в обеспечении материально-технической базой сельскохозяйственных предприятий.

### RESUME

The paper consists of justification of the necessity of the material and technical basis for agricultural unities and the analysis of the condition of necessity by techniques in agricultural units in Kazakhstan. Characteristic of the positive and negative tendencies in agricultural units' provision by material and technical base was given.

ӘОЖ 657.429

**Дюсегалиева А.Н.**

Ғылыми жетекші: **Базарова Б.Т.**, э.ғ.м., аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІ ТАҢУ, ӨЛШЕУ, ТАЛДАУ («СТАРТСТРОЙСЕРВИС» ЖШС МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

#### Андатпа

Материалдық емес активтердің көп жағдайда белсенді нарығы болмайды, себебі олар өте сирек кездеседі. Материалдық емес объектілерді есепке алу, талдау мен баға беру мақсатында зерттеліп отырған объектілердің жағдайы мен қозғалысын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер жүйесі әзірленіп қарастырылды. Зерттелген объектінің баланстық мәліметтері бойынша барлық материалдық емес активтердің көлемі мен түрлерінің көрсеткіштерін алдыңғы кезең мәліметтермен салыстырғандағы есептік кезең бойынша өзгерістерінің серпініне талдау жүргізілді.

*Түйін сөздер:* нарықтық экономика, материалдық емес активтер, кәсіпорын, сатып алу құны, нарықтық құн, талдау.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында материалдық емес активтер болашақта

экономикалық олжа әкелетін активтер ретінде танылады. Материалдық емес активтердің көп жағдайда белсенді нарығы болмайды, себебі олар өте сирек кездеседі. Мысалы; тауар белгілері, басылым атауы, кино мен музыкаға берілген авторлық құқықтары және бір актив үшін төленген сомалары, және тағы басқада осындай активтердің құнын өлшеу үшін ол негіз бола алмайды. Осы аталған себептерге байланысты материалдық емес активтердің құнын көп жағдайда екі жақтың тараптарына байланысты анықталады.

Кәсіпорында материалдық емес активтер танылған кезден бастап бастапқы құнмен бағаланып, кірістеледі. Және ол олардың сатып алынған тәсіліне байланысты болып келеді: яғни сырттан түссе (сатып алынған бағасы, ұйым бірлестігінің күшімен; айырбас арқылы немесе мемлекеттік субсидия есебінен) немесе шаруашылық жүргізуші субъектінің өз күшімен жасалса.

Кәсіпорындарда материалдық емес активтер құны, құн қағидаларына сәйкес сатып алған кездегі құны бойынша кірістеліп, көрініс табуы тиіс. Жалпы сол сатып алынған кездегі сатып алу құнына сатып алу кезіндегі, онымен байланысты барлық шығындар енгізіледі, яғни сатып алынған бағасы, тасымалдау шығыны және т.б.

Егер де материалдық емес активтерді бартерге немесе айырбасқа алып жатса, онда олардың бағасын нарықтық құн немесе сол тәріздес материалдық емес активтер құнымен бағалайды.

Зерттеу жұмыстың объектісі болып «Стартстроисервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі табылады.

Зерттеу жұмысын жазудың мақсаты – материалдық емес активтерді экономикалық бағалау негізінде «Стартстроисервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қаржылық жағдайын қарастыру және кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын көрсету.

Осы аталған мақсатқа байланысты келесідей міндеттерді шешу алға қойылған;

- нарықтық жағдайдағы материалдық емес активтердің мәні мен мақсатын танып білу;
- материалдық емес активтер есебінің дұрыс ұйымдастырылуын талдау;
- материалдық емес активтер есебінің жетілдіру жолдарын қарастыру.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде заңды және нормативті актілер, оқу – әдістемелік әдебиеттер мен «Стартстроисервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қаржылық есеп мәліметтері қолданылды.

«Стартстроисервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, заңды тұлға болып, ұзақ мерзімге құрылған.

«Стартстроисервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметінің мақсаты - табыс табу болып саналады.

«Стартстроисервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқаратын негізгі қызметтері: құрылыс материалдары мен өнімдерді өндіру; құрылыс-құрастыру жұмыстарын атқару; күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын атқару және тағы басқа да қызметтерді атқарады.

Экономикада және қаржылық есептілікте статистикалық әдістерді тиімді қолдануды кеңейту экономикалық есептеулер техникасын жақсартып қана қоймай, олардың экономикалық категориялар және қаржылық есептілік жүйесін ғылыми түсінуге әсер етеді.

«Стартстроисервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қаржылық есеп мәліметтері негізінде, жұмысты орындау барысында экономикалық талдау, салыстырмалы әдіс, айырмашылықтарды табу әдістері қолданылды.

Кәсіпорындағы материалдық емес активтердің тиімділігін талдау мақсатында келесідей негізгі міндеттер келтірілді:

- материалдық емес активтердің көлемі мен серпінін талдау;
- материалдық емес активтердің құрамы мен құрылымын, пайдалы қызмет ету мерзімін талдау;
- материалдық емес активтердің табыстылығын талдау;

Материалдық емес объектілерді есепке алу, талдау мен баға беру мақсатында зерттеліп отырған объектілердің жағдайы мен қозғалысын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер жүйесі әзірленіп қарастырылды. Зерттелген объектінің баланстық мәліметтері бойынша барлық материалдық емес активтердің көлемі мен түрлерінің көрсеткіштерін алдыңғы кезең мәліметтермен салыстырғандағы есептік кезең бойынша өзгерістерінің серпініне талдау жүргізіп өтейік.

Бірнеше кезеңдер бойынша есептік мәліметтерді пайдала отырып, болған жағдайларға тренділік талдау жүргізілді. Яғни абсолюттік және салыстырмалы түрдегі ауытқулар тұрақты және айнымалы базаға қатысты есептеп, сонымен қатар орташа ауытқуларына да тоқталып кетейік.

Материалдық емес активтердің көлемі мен серпінін талдау төмендегі 1 кестеде келтірілген.

Бұл келтірілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, кәсіпорын өзінің қызметі барысында зияткерлік қызметті белсенді түрде қолданылатынын, яғни ол көрсеткіш есепті жылдың соңына қарай 588 000 теңгені құрап отыр.

Кесте 1 - Материалдық емес активтердің көлемі мен серпінін талдау, мың теңге

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	Абсолюттік ауытқу	Салыстырмалы түрдегі ауытқу, %
1. Материалдық емес активтер, барлығы	2952	1084	-1868	36,72
Соның ішінде түрлері бойынша:				
а) өнертабыстар мен өзге де сол тәрізді зияткерлік меншік (өнеркәсіптік меншік) объектілеріне қатысты құқығы	1502	588	-914	39,15
б) табиғи және өзге түрдегі ресурстар мен мүлікті пайдалану құқығы	1361	423	-938	31,08
в) ұйымдастыру шығындары	89	73	-16	82,02
2. Материалдық емес активтердің баланс валютасындағы меншікті салмағы, %	0,16	0,06	-0,10	38,99
Ескерту: автормен құрастырылған				

Кәсіпорында материалдық емес активтер құрамына, және өндіріс үрдісінде оларды қолдану, пайдалану сипатына байланысты, қаржылық және шаруашылық қызметтің қорытындыларына әсер етуіне қарай бірдей бола бермейді. Сондықтан да оларға баға беру кезінде саралап жіктелу әдісін пайдалану қажет. Сол себептен материалдық емес активтер әртүрлі белгілері бойынша жіктелініп, топтастырылады. Яғни осылай материалдық емес активтердің құрылымын жіктеу бегілеріне баға беру мүмкіндігі туындайды.

Кәсіпорында материалдық емес активтердің құрылымы бойынша келіп түсу (сатып алу) көздеріне байланысты, олардың түрлері, пайдалы қызмет ету мерзімдері және беделдік дәрежесі бойынша, өнім өндірумен өткізу кезінде пайдалану деңгейі бойынша, шығып қалу бағыттары және басқалары бойынша талдау және баға беру өте маңызды болып табылады [1].

«Стартстройсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі материалдық емес активтер құрылымы бойынша өзгерістерді талдап, оларды бағалап кетелік. Ол келесі кестеде келтірілген (2-кесте).

Кесте 2 - Материалдық емес активтердің құрылымындағы өзгерістерді талдау

Көрсеткіштер	2018 жыл		2019 жыл		ауытқулар	
	Сомасы	Жиынына қатысты, %	Сомасы	Жиынына қатысты %	Сомасы	Жиынына қатысты %
1. Материалдық емес активтер, барлығы	2952,00	100,00	1084,00	100,00	-1868,00	-46,28
Соның ішінде түрлері бойынша:						
а) өнертабыстар мен өзге де сол тәрізді зияткерлік (өнеркәсіптік) меншік объектілеріне қатысты құқығы	1502,00	50,88	588,00	54,24	-914,00	3,36
б) табиғи және өзге түрдегі ресурстар мен мүлікті пайдалану құқығы	1361,00	46,2700	423,00	39,02	-938,00	-7,08
в) ұйымдастыру шығындары	89,00	3,01	73,00	6,73	-16,00	3,72

Енді бұл кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, материалдық емес активтер құрылымы бойынша жоғары көрсеткішті өнеркәсіптік меншік объектілеріне қатысты құқықтар құрап отыр (50%-дан артық). Есепті кезеңде бұл түрдегі активтің үлесінің жоғары болуы жақсы деп бағалауға болады, себебі олар өндірістің, сонымен қатар өнімнің сапалық көрсеткіштерін жетілдіруге бағытталған.

Кәсіпорында материалдық емес активтердің құрылымы бойынша келіп түсу көрсеткіштерне талдау жүргізу кезінде объектілердің төмендегідей топтарына тоқталуға болады:

материалдық емес активтердің барлығы бойынша; соның ішінде:

- а) құрылтайшылар енгізген;
- б) ақшаға сатып алынған немесе басқа бір мүлікке ауыстырып алынған;
- в) заңды және жеке тұлғалардан тегін алынған;
- г) мемлекеттік органдардың демеушілік қаржылай көмегінен.

Материалдық емес активтердің шығарылуы бойынша шаруашылық операцияларды ресімдеу кезінде шығып қалудан болып отырған шығындарды барынша аз жұмсауға тырысады. Капитал салымдары, өтімділік және тәуекел дәрежесіне қарай материалдық емес активтер үш категория бойынша бағаланады: өтімділігі жоғары, шектеулі түрде өтімді, төмен дәрежеде өтімді.

Қорытындылай келе материалдық емес активтерді келесідей жағдайларда анықтауға болады: егер субъект оларды жалға берсе, сатса немесе айырбастаса, және олардың келешекте алатын экономикалық олжасына тікелей қатысы болса, онда шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық олжа табу мүмкіндігі күшейе түседі.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер заңмен басқаша жағдайы қарастырылмаса материалдық емес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімін өздері дербес белгілей алады. Оларға патент, авторлық құқық, лицензиондық келісімдер тағы басқалар жатады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер материалдық емес активтердің мерзімін дәл анықтай алмаған жағдайда, оның пайдалы қызмет ету мерзімін 10 жыл ішінде белгілей алады, бірақ ол шаруашылық жүргізуші субъектінің қызмететін мерзімінен аспауы қажет.

Ұйым материалдық емес активтерді бақылайды, егер ол базалық ресурстардан экономикалық пайда ала алса және басқа ұйымдарға осы пайдаға қол жеткізуді шектесе. Материалдық емес активтің болашақ экономикалық пайдасын бақылау үшін компанияның қабілеттілігі, әдетте, заңды құқықтардан туындайды, бірақ компания бұл артықшылықтарды басқа тәсілдермен басқара алады.

Нарықтық және техникалық білім болашақ экономикалық пайда әкелуі мүмкін. Компания, мысалы, білім авторлық құқықпен, сауда келісімшартындағы шектеулермен немесе қызметкерлердің құпиялылықты сақтау бойынша заңды міндеттемелерімен қорғалатын болса, осы артықшылықтарды бақылайды.

Компания қызметкерлері әдетте материалдық емес активтің анықтамасына сәйкес келмейді.

Басқару дағдылары немесе техникалық қабілеттер, егер оларды пайдалану компанияның тиісті заңды құқықтарымен қорғалмаса, материалдық емес активтің анықтамасына сәйкес келмейді.

Компания өзінің қолданыстағы клиенттері онымен сауданы жалғастырады деп күтуі мүмкін, бірақ егер клиенттің портфелі заңды түрде қорғалмаса және компанияда оны басқарудың басқа құралдары болмаса, онда клиенттің портфелі материалдық емес активтің анықтамасына сәйкес келмейді.

Материалдық емес активті тану үшін ұйым осы тармақтың: материалдық емес активтің анықтамасы; және тану критерийлері.

Ұйым материалдық емес активтерді тек келесі жағдайларда тануы керек:

- болашақта оның осы активтен экономикалық пайда алатындығына сенімділік бар; және активтің құнын сенімді түрде өлшеуге болады.

Ұйым болашақ экономикалық пайдалардың түсу ықтималдығын басшылықтың материалдық емес активтің пайдалы қызмет ету мерзімінде болатын экономикалық жағдайларды ең жақсы бағалауы негізінде бағалауы керек.

Бөлек немесе бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған материалдық емес активтер әрқашан тану критерийлеріне сәйкес келеді.

Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған материалдық емес активтің әділ құнын, әдетте, гудвиллден бөлек тану үшін жеткілікті түрде өлшеуге болады.

Материалдық емес актив бастапқыда өзіндік құны бойынша бағаланады. Бөлек сатып алу

Материалдық емес активтің өзіндік құнына мыналар кіреді:

- сатып алу бағасы;

- импорттық баждар;

- сатып алу бағасына қосылған қайтарылмайтын салықтар;

- кәсіби және заңгерлік қызметтерге ақы төлеу;

- активтерді мақсатты пайдалануға, оның ішінде тестілеуге дайындаумен тікелей байланысты

жалақы мен қызметкерлерге берілетін сыйақыны қоса алғанда шығындар.

жеңілдіктер және артық төлемді қайтару сияқты шегерімдер.

Материалдық емес объектілерді есепке алу, талдау мен баға беру мақсатында зерттеліп отырған объектілердің жағдайы мен қозғалысын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер жүйесі әзірленіп қарастырылды. Зерттелген объектінің баланстық мәліметтері бойынша барлық материалдық емес активтердің көлемі мен түрлерінің көрсеткіштерін алдыңғы кезең мәліметтермен салыстырғандағы есептік кезең бойынша өзгерістерінің серпініне талдау жүргізілді.

Бірнеше кезеңдер бойынша есептік мәліметтерді пайдалана отырып, болған жағдайларға тренділік талдау жүргізілді. Яғни абсолюттік және салыстырмалы түрдегі ауытқулар тұрақты және айнымалы базаға қатысты есептелді, сонымен қатар орташа ауытқулары да анықталды.

Кәсіпорынның қаржылық нәтижесін көтеру мақсатында негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің жағдайын жақсарту мен оларды тиімді пайдалану, және олардың экономикалық бағалануын, түгенделуін дұрыс қарастыру қажет. Сондықтан да кәсіпорынның тұрақты түрде өнімнің көлемін сан және сапа жағынан көбейтіп, олардың еңбек өнімділігін арттыру және кезең шығындарын азайту қажет деп есептеймін.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ**

1. Қазақстан республикасының «Бухгалтерлік есеп туралы» заңы. 28.02.2007ж.
2. Кодекс РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (с изменениями и дополнениями) 27.12.19 г. № 290-VI
3. Қазақстан Республикасы. Бухгалтерлік есепті жүргізу ережесін бекіту туралы [Текст] : қазақстан Республикасы, Министрлік / 2007 жылғы 22 маусым № 221 бұйрық // Делопроизводство в Казахстане. - 2010. - № 10. - С. 21-34
4. Абитова А.А. Канабекова А.К. Бухгалтерлік есеп және қаржылық талдау бойынша есептер жинағы. оқу құралы, Алматы, Экономика, 2014-158б.
5. Андреева Т.В. Основы бухгалтерского учета и формирования бухгалтерской (финансовой) отчетности: 2019.
6. Құдайбергенов, Н. А. Бухгалтерлік есеп принциптері [Текст] : ЖОО студ. арналған оқулық / Н. А. Құдайбергенов. - Алматы : ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. - 255 б.
7. Нурсейтов Э.О. Бухгалтерские расчеты: справочное пособие / Э.О. Нурсейтов; - Алматы: Издательство «LEM», 2011, - 112с.

### **РЕЗЮМЕ**

Нематериальные активы часто не имеют активного рынка, так как встречаются очень редко. Для учета, анализа и оценки нематериальных объектов была разработана и рассмотрена система экономических показателей, описывающих состояние и движение изучаемых объектов. По данным бухгалтерского баланса исследуемого объекта показана динамика изменения объема и видов всех нематериальных активов за отчетный период по сравнению с предыдущим периодом.

### **RESUME**

Intangible assets often do not have an active market as they are very rare. For accounting, analysis and evaluation of intangible objects, a system of economic indicators was developed and considered, describing the state and movement of the objects under study. According to the balance sheet of the investigated object, the dynamics of changes in the volume and types of all intangible assets for the reporting period compared to the previous period is shown.

ӘОЖ 338.3

**Жақанова Г.Н.**, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### **ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРЫНЫҢ БІРІ**

#### **Андатпа**

Мақалада шаруа(ферма)қожалықтарының ауыл шаруашылығындағы маңызды рөл атқаратындығы, ауыл шаруашылығының жалпы өндірісі көрсетіледі.